

Ақтөбай ауданы Әуелбек ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің Қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің санын бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақтөбай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 11 тамыздағы № 138/35 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 08 қыркүйекте № 3987 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтөбай аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 маусымдағы № 247/50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтөбай аудандық мәслихатының 27.06.2019 № 247/50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заны 39-3 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысымен бекітілген бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің үлгі қағидаларына сәйкес, Ақтөбай аудандық мәслихаты

ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Ақтөбай ауданы Әуелбек ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің Қағидалары бекітілсін.

2. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Ақтөбай ауданы Әуелбек ауылдық округі ауылдарының тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы тұрғындарының жалпы санынан 1% мөлшерде бекітілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік сала және занылышқа жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашкы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен сон қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагасы

Мәслихат хатшысы

Ж. Сматаева

Т. Мұқанов

Ақтөбай аудандық мәслихатының

2014 жылғы 11 тамыздағы

№ 138/35 шешімімен

бекітілген

Ақтөбай ауданы Әуелбек ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің Қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ақтогай ауданы Әуелбек ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің санын белгілеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заны 39-3-бабына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысымен бекітілген Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дін үлгі қағидаларына сәйкес әзірленді және Ақтогай ауданы Әуелбек ауылдық округі аумағындағы ауылдар тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дін тәртібін белгілейді.

2 Ақтогай ауданы Әуелбек ауылдық округі аумағында ауылдар тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі

3. Бөлек жиынды Әуелбек ауылдық округінің әкімі шақырады.

Ақтогай ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Ауылдар шегінде бөлек жиынды өткізу ді Әуелбек ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудын алдында тиісті ауылдардың қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Ақтогай аудыны Әуелбек ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Ақтогай ауданы Әуелбек ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Ақтогай аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларның ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Әуелбек ауылдық округі әкімінің аппаратына беріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК